

Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері  
10-сынып

1. Антонимдік жұпты көрсетіңіз.

- a) Әдейі – жорта
- b) Тоқпақ – қол ағаш
- c) Татуласу – жарасу
- d) Ащы – тұщы
- e) Тынығу – жату

2. Ырықсыз етісті табыңыз.

- a) жуынды
- b) ойланды
- c) сөйленді
- d) таранды
- e) киінді

3. Тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда соңғы дыбысты өзгеріске ұшырайтын сөзді көрсетіңіз.

- a) Кел
- b) Бар
- c) Жап
- d) Айт
- e) Жүр

4. Сызықша дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз.

- a) Сусыз-өмір жоқ.
- b) Табиғат тірі - дүние.
- c) Су-тіршілік көзі.
- d) Балқаш-көлі ең таза көл.
- e) Орман ауаны-тазартпайды.

5. «Көзі ашық» деген сөз тіркесінің мағынасын табыңыз.

- a) көргіш
- b) анық
- c) жылдам
- d) білімді
- e) белгілі

6. Сан есімге байланысты қандай тыныс белгісі қойылады?

*Көрісім 50 лерде.*

- a) қос нүкте
- b) дефис
- c) үтір
- d) жақша
- e) нүкте

7. Синоним сөздерді табыңыз.

- a) Сұлу, бай, байтақ
- b) Ұлаң-байтақ, кең, ұлаң-ғайыр
- c) Жақын, шалғай, биік
- d) Алыс, үлкен, кең
- e) Таза, терең, мөлдір

8. Қонақ келерде үй тазарып қалды: үй ..., еден ...

- a) жинасты, жуысты
- b) жинатты, жуғызды
- c) жиналды, жуылды
- d) жиналмады, жуылмады
- e) жинамақ, жумақ

9. Осы шақтағы етістікті табыңыз.

- a) Айтып кетті
- b) Әкеле жатыр
- c) Келді
- d) Сұрамақ
- e) Барып келді

10. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. Гүлдей бер, туған жерім

- a) Құрмалас.
- b) Лепті.
- c) Сұраулы.
- d) Жалаң.

е) Толымсыз.

**11. Шектік мағынадағы демеулігі бар сөйлемді көрсетіңіз.**

а) Оның жасы отыздарда.

б) Біз тату тұрамыз.

с) Үшеуі тек маған амандасты.

д) Бір – тақ сан.

е) Біз елдің ертеңіміз.

**12. Жанама толықтауышты табыңыз.**

«Кәсіпкерлер кәсіптеріне қаржыны өздері табады».

а) Кәсіптеріне

б) Қаржыны

с) Өздері

д) Табады

е) Кәсіпкерлер

**13. Мақалды толықтырыңыз. «... өмір – сөнген көмір»**

а) Еңбексіз

б) Бақытсыз

с) Ақшасыз

д) Сенсіз

е) Жұмыссыз

**14. Тұйық етістікті көрсетіңіз.**

а) түзу

б) баяу

с) көну

д) жаяу

е) сұлу

**15. Одағайдың білдіретін мағынасын анықтаңыз.**

*Әттең, бүгін кешікпей келгеніңде үлгеретін едің!*

а) Бұйыру

б) Жекіру

с) Таңдану

д) Шаттану

е) Өкіну

**16. Тұсаукесер тойы қашан тойланатынын көрсетіңіз.**

а) Бала мектепке барғанда

б) Бала 2 жасқа толғанда

с) Бала атқа алғаш рет мінгенде

д) Бала алғашқы қадамдар жасай бастағанда

е) Бала сөйлей бастағанда

**17. Қазақтың алғашқы академигін көрсетіңіз.**

а) Ғ.Айдаров

б) С.Королев

с) Қ.Сәтпаев

д) Ж.Жабаев

е) Н.Сауранбаев

**18. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің белгісін көрсетіңіз.**

а) отаншылдығы

б) жері

с) табиғаты

д) рәміздері

е) ауа райы

**19. «Невада-Семей» қозғалысының президентін табыңыз.**

а) С.Әбдильдин

б) Амантай қажы

с) О.Сүлейменов

д) М.Шаханов

е) Р.Сейсембаев

**20. Қазақстанда неше облыс бар?**

а) он бір

б) он бес

с) он сегіз

д) он төрт

е) он алты